

# Кеңінен насихатталуда

## Балалар кітапханаларының жұмыс тәжірибесінен

Ұлы Октябрьдің 60 жылдығына арналған Бүкілодақтық кітапхана жұмыстарының байқауына қатыса отырып, облысымыздағы балалар кітапханалары өз жұмыстарын, негізінен, Октябрь салтанатын және СССР Конституциясын насихаттауға бағыттады.

Кітапхана жұмыстарының түрі мен тәсілін жетілдіре отырып, кітапхана қызметкерлері жас оқырмандарға елеулі, тарихи оқиғалардың мән-мазмұнын түсінікті етіп жеткізе білді. Оларға совет халқының, Коммунистік партияның және Ленин комсомолының революциялық, жауынгерлік және ерлік дәстүрлері рухында тәрбие беруде.

Жас оқырмандарға еліміздің Ұлы Октябрь революциясына дейінгі өмірі, оны өзгертуге күш салған революционерлердің қызметі мен ерліктері жайлы әңгімеленді. Алдың жылда қол жеткен табыстардың қайнар көзі түсіндірілді. Бұл орайда, Л. И. Макарова меңгеретін Качиры аудандық балалар кітапханасы көп тәжірибе жинақтады.

Кітапхана Совет мемлекетінің ерлік тарихын 6-8 класс оқушыларына арнап ұйымдас-

тырған кітап көрмесі арқылы баяндай бастады. «Октябрьден қазіргі күнге дейін» деп аталатын бұл көрмеде «Халық бақыты үшін күрескендер», «Әкелердің жас шағы», «Олар құрған біздің Отан», «Олар Отан үшін шайқасты», «Пионерлер лениндік тапсырманы орындайды» атты бөлімдер бар.

Ал, осы жастағы балаларға арналған «Советтер еліне — 60 жыл» атты көрмеде тұраі тақырыпта әңгіме өткізілді. Атап айтқанда, «Ерлікке толы бесжылдықтар», «Еліміздің басты құрылыстары», «Павлодар облысы — оныншы бесжылдықта», «Біздің аудан — оныншы бесжылдықта» атты тақырыптарда әңгіме айтылды.

Алтыншы класс оқушылары Л. Жариковтың «Қатап достуралы повесть» атты кітабын талқылауға белсене қатысты. Талқылауда «Новесте қандай оқиғалар суреттелген?», «Шахтерлер революцияға дейін қалай өмір сүрген?», «Кітапта қандай таптардың күресі суреттеледі?», «Васька тағдыры жайлы не айтар едіңіз?», тағы басқа сұрақтарға әсерлі жауап берілді.

Бастауыш класс оқушылары «Жолда жүріп, суда жүзіп, көкте ұшып өтейік, еліміздің байтақ жерін байқап та бір көрейік» атты көрме арқылы таным саяхатына шыққан. Олар лениндік оқуларда «Ленин өсиетімен», «Октябрияттар — Ильич немересі», «Ленин және балалар», «Володя Ульяновтың сүйікті кітаптары» атты тақырыптарды игерді.

Качиры аудандық балалар кітапханасының оқырмандары СССР Конституциясын талқылауға да қатысты. Бұл жөнінде «Бір семьяда», «Заңның заңы», «Ұлы идеялардың салтанаты», «Біз — совет халқы» атты көрмелер олардың назарына ұсынылды. Көрме жайында әңгіме өткізіліп, Конституция жобасы дауыстап оқылды. Осы тақырыпқа қатысты 1297 дана кітап таратылды. Кітапханада әр оқырман белгілі бір тақырыпқа дайындалып, әңгіме өткізіп тұрды.

Павлодардағы № 3 қаладық балалар кітапханасы Отан туралы, халық шаруашылығы жетістіктері жайлы, туған өлкедегі игі істер хақында насихаттық жұмыстар жүргізіп отыр.

Г. С. Долгова меңгеретін бұл кітапханада да «Отанымыз — СССР», «Ленин жолымен, Октябрь жолымен» атты көрмелер ұйымдастырылып, пионерлер маршруттары әсем безендірілді.

Екінші, үшінші класс оқушылары мен Октябрь салтанатына қатысты түрлі тақырыптарда әңгіме өткізіп, шолу жасалды. Оған 350 жасөспірім қатысты. «Ленин идеясының нұғыласымен» деген девизбен оқушылар конкурсы ұйымдастырылды. Конкурста № 4 мектептің 8-класс оқушысы Оля Горбашук, № 24 мектептің оқушысы Гони Меркулова, № 17 мектептің 4-а класс оқушысы Олег Свиридов жеңімпаз атанды.

СССР Конституциясына қатысты «Өміріміздің Негізгі Заңы» атты көрме ашылды. Жас оқырмандарға идеялық саяси тәрбиелік мәні бар 2576 кітап таратылды.

Совет өкіметінің өсу-өркендеу жолын балаларға кеңінен насихаттау мақсатымен Железинка аудандық балалар кітапханасының «Орленок» радио журналы «Ерлікке толы «Пролетариаттың ұлы гимні», «Революция солдаттары» атты екі хабар жүргізілді.

Сондай-ақ, бұл кітапханада «Біз революция ұрпағымыз», «Достарымыз әр планетада»

атты таңертеңгілік өткізіліп «Сен елімізді аралап келесің «Сүйікті Отаным менің» ат тақырыптарға шолу жасалды. Кітапхана оқырмандары «Октябрияттардың Октябрь елі саяхаты» атты Бүкілодақтық ойынға қатысып, Москвадан БАМ-да, Ленин болған жерлерді «аралап қайтты».

Павлодардағы № 6 қаладық балалар кітапханасы Ұлы Октябрьдің 60 жылдығын насихаттауды комплексті түр ұйымдастыра білді. Кітапханада Совет мемлекетінің бейбітшілік жөніндегі саясатын насихаттауға жете мән беріле. Осы мақсатта «Планета жұлдықтары», «Әлем балалар бейбітшілік жолында», «Планета жастары бейбітшілік үш күресте» атты көрмелер ұйымдастырылды.

ГРЭС поселкесінің балалар кітапханасы бұл тақырыптарға байланысты мәдени — кеңістік жұмыстарын Мәдени сарайының балалар секторы мен бірігіп жүргізіп отырды. Кітап көрмелері, шолулар, әңгімелер, оқырмандар конференциялары — жұмыс арқау болды.

Міне облысымыздағы балалар кітапханаларындағы Ұлы Октябрь салтанатын насихаттауда осындай игі істер, тәлімді тәжірибелер жинақталуда. Кітапхана қызметкерлері бұл игілікті әлі де кеңінен өрістете береді.

Т. ЛУНКИНА,  
С. Торайғыров атындағы облыстық балалар кітапханасының аға кітапханашысы.